

Мемлекеттік қызмет

МЕРИТОКРАТИЯ
ҚАҒИДАТЫ

Мемлекеттік аппараттың тиімділігі ең алдымен мамандардың кәсіби белігіне, тәжірибесі мен адалдығына байланысты. Осы тұрғыда мемлекеттік қызмет жүйесінде меритократия қағидатын орнықтырудың маңызы зор.

Меритократия (лайықтылық) дегеніміз — қызметшілердің қабілеті мен еңбек нәтижесіне, тәжірибесі мен кәсіби жетістіктеріне қарай іріктеуді қалдырып басқару жүйесі.

Бүгінде елімізде мемлекеттік қызметшілерді тағайындау мен ауыстыру рәсімдері нақты қарқынға ие, тексеріс рәсімдері реттеліп, ашықтық пен әділдік негізделген. Бұл жүйе тәжірибелі мамандардың мәнсаптық есуіне, олардың өлеуетін тиімді пайдалануға және басқару сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Меритократия қағидаты мемлекеттік қызметшілерді тек конкурс арқылы емес, сонымен қатар ауысу тәртібімен де ілгерілету жол ашады.

Сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес төрт топқа қатырылған бағалау бойынша жоғары нәтиже көрсеткен немесе мемлекеттік органдарда кәсіптік еңбек етіп жатқан кәсіпкерлермен тұрған лауазымды атқарған қызметшілерге жоғары лауазымдарға ауысу тәртібімен орналасу мүмкіндігі қарастырылған. Мұндай тәсіл қызметшінің жинақталған тәжірибесін, кәсіби жетістіктерін және атқарған жұмысының нәтижесін ескеруіне мүмкіндік береді. Демек өз ісін жақсы меңгерген маман оқшауланбауы керек.

Сонымен бірге ішкі конкурстар нәтижесінде 99 қызметші немесе тағайындалғандардың 69,7 пайызы жоғары санаттағы лауазымға тағайындалып, ілгеріленген.

Бұл нәтижелер еңбекке қабілетті мамандардың қабілетін арттырып отырғанын айғақ көрсетеді.

Қызметтік есудің мұндай мүмкіндіктері мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттырып қана қоймай, олардың тұрақты түрде біліктілігін жетілдіруге, жаңа дағдыларды игеруге ынталандырады. Себебі әрбір маман өзінің еңбегі бағаланып жатқанын біліп, өзін дамытуға мүмкіндігі бар екенін түсінеді.

Сонымен қатар меритократия қағидаты кадрлық шешімдердің субъективтілігін азайтып, ашықтықты арттырады. Нәтижесінде мемлекеттік органдарда басқару сапасы және азаматтарға көрсетілетін қызметтердің тиімділігі артады.

Кадрлық рәсімдерді іске асыруда заңнамаға қатаң сақтау, құжаттарды сапалы рәсімдеу және персоналды басқару қызметтерінің кәсіби деңгейін көтеру маңызды. Бұл — мемлекеттік қызмет жүйесінің тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз етудің басты шарты.

Ардақ ЕЛЕУСІЗОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің бас маманы.

Ниетжан БЕРІКОВ

2026 жылғы 14 ақпанда ұлағатты ұстаз, педагогика ғылымының кандидаты, республикаға белгілі ардақты жерлесіміз Ниетжан Берікұлы 99 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Ниетжан Берікұлы 1927 жылы Байғанин ауданының Жарқамыс ауылында дүниеге келген. Жарқамыс орта мектебін тәмамдаған соң, 1951 жылы Қызылорда педагогикалық институтын (қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті) бітіріп, еңбек жолын туған жерінде бастады. 1951-1957 жылдары Жарқамыс орта мектебінің директоры, кейін халық депутаттары Байғанин аудандық Кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметінде болды.

1957-1988 жылдары Ақтөбе облыстық атқару комитетінің хатшысы, облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі, Ақтөбе педагогикалық училищесінің директоры лауазымдық қызметтерін абыроймен атқарды.

1988-1998 жылдары Ақтөбе мемлекеттік университетінде, ал 1998 жылдан бастап Батыс Қазақстан экономика және қаржы институтында (қазіргі С.Байшев атындағы Ақтөбе университеті) кафедра меңгерушісі болып, өңірдің ғылым мен білім саласының дамуына өлшеусіз үлес қосты.

Ниетжан Берікұлы педагогика, психология, тіл білімі салалары бойынша 250-ден астам ғылыми-зерттеу еңбектерін жариялады. Оның еңбектері одақтық және республикалық ғылыми басылымдарда жарық көрді. 1991 жылы «Жоғарғы сыныптардағы қой шаруашылығындағы ұжымдық еңбекке бағыттау және дайындау» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін иеленді.

Ол ВЦСПС-тің XV съезінің (1974), Бүкілодақтық мұғалімдердің II съезінің, Қазақстан мұғалімдері съезінің делегаты, бірнеше мәрте Ақтөбе облыстық Кеңесінің депутаты болып сайланды. Ерен еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медалмен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен, КСРО және Қазақ КСР Халық апарту ісінің үздігі белгілерімен марапатталды. Байғанин ауданының құрметті азаматы. Туған елдерінің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, үлгілі қызмет еткен Ниетжан Берікұлының жарқын бейнесі, онегелі ғұмыры мен гибратты жолы ел жадында ұзақ уақытқа сақталады.

А.Купенов, Т.Айжарықов, Қ.Өлжан, И.Ермекбаев, Б.Кемешов, Н.Аққұл, М.Ақхағазов, М.Сержан, А.Жубаналин.



Құбайдолла БІТІКОВ

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы саласының ардагері Құбайдолла Бітіков 88 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Құбайдолла Нұрғалиұлы 1938 жылғы 6 сәуірде Ақтөбе облысы Қобда ауданының Өтешсай елді мекенінде дүниеге келген.

1958 жылы Қобда қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін Темір қаласындағы малдәрігерлік техникумына оқуға түсіп, оны 1961 жылы тәмамдады.

Осы жылы Калинин атындағы ұжымшарда еңбек жолын бас зоотехник болып бастаған.

1969-1973 жылдары «Красный пахарь» ұжымшары басқармасының төрағасы қызметін атқарды.

1973 жылы Қазақстан КП Қарабұтақ аудандық комитетінің өкіші хатшысы болып сайланды.

1980-1983 жылдары – Ырғыз аудандық халық депутаттары Кеңесі атқару комитетінің төрағасы.

Бұдан соң Ақтөбе облыстық сүт шаруашылығы басқармасының бас директоры болып тағайындалды.

1985-1990 жылдары «Ақсай» өндірістік кооперативінің директоры қызметінде болған кезеңде нарықтық қатынастар талаптарына сәйкес экономиканы басқарудың қыр-сырын игеріп, өріптестеріне үйретті.

2015-2020 жылдары облыстық мүгедектер қоғамының төрағасы міндетін атқарып, айрықша қамқорлық пен қолдауға зор азаматтардың мүддесіне мінсіз қызмет етті.

Мемлекет және қоғам алдындағы абыройлы еңбегі үшін екі мәрте Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет белгісі» ордендерімен және «Астана» медалімен марапатталған. Қобда ауданының құрметті азаматы.

Өңірдің өлеуметтік-экономикалық жолдарында лайықты із қалдырып, еліне еңбегі сіңген қадірлі азамат Құбайдолла Нұрғалиұлының жарқын бейнесі жерлеріміздің есінде ұзақ уақытқа сақталады.

Ақтөбе облысының әкімдігі,
Ақтөбе облыстық мәслихаты,
Ақтөбе облысының ардагерлер кеңесі.



«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: «Оңтүстік Жаңажол кен орнының №Н1003 көлденең ұңғымасын салу».

Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында <https://www.gov.kz/memleke/entities/aktobe-zheraidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecoder@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпараты: Ақтөбе қаласы, Қосжанов, 9 (көңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 23.02.2026 ж. – 24.03.2026 ж.

«ТетисАралГаз» ЖШС

келесі тақырып бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

2026-2029 жылдарға «ТетисАралГаз» ЖШС-ның газ өндіру объектілері үшін ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтері жобасын түзету, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың жоспары.

Учаскенің географиялық координаттары: 46°02'43"с.е., 58°08'04"ш.б.; 45°58'20"с.е., 53°13'49"ш.б.; 46°08'00"с.е., 57°47'20"ш.б.; 46°01'02"с.е., 58°02'23"ш.б.

Өсер ету аймағының географиялық координаттары: 46°1'11"39"с.е. 58°42'13"53"ш.б.; 45°58'43,93"с.е. 58°21'40"ш.б.

Қоғамдық тыңдау Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жаңажол а.о., Оймауыт ауылы, Өкімдік ғимарат. Достық к., 22 мекенжайы бойынша өтеді.

Қоғамдық тыңдау Zoom платформасы арқылы бейнеконференцбайланыс форматында, қоғамдық тыңдауға қатысу үшін сілтеме бойынша өтетін болады:

<https://us04web.zoom.us/j/75354671296?pwd=XvarKtJ1DOQEQaokGqLmC47hGOscR.1>

Конференция идентификаторы: 753 5467 1296

Қатынау коды: 5uRS5R

Өтетін күні: 7 сәуір 2026 ж. Уақыты сағат 14.30.

Бастамашының деректері: «ТетисАралГаз» ЖШС, Бегенбай батыр к-сі, 2, 11-қабат.

Ақтөбе қ., 030000, Тел: +7 (7132) 41 66 20 БСН 980140001102, эл.пошта tethys@tpl.kz

Орындаушылардың деректері: «ТетисАралГаз» ЖШС, Бегенбай батыр к-сі, 2, 11-қабат. Ақтөбе қ., 030000, Тел: +7 (7132) 41 66 20 БСН 980140001102, эл.пошта tethys@tpl.kz

Жобалық құжаттама пакетімен <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings> сайтында, сондай-ақ сілтеме бойынша ЖАО сайтында танысуға болады: <https://www.gov.kz/memleke/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>. Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты электронды мекенжай бойынша алуға болады: tethys@tpl.kz, тел: +7 (7132) 41 66 20. Барлық ескерту мен ұсыныстар <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings> сайтында, сондай-ақ ЖАО электронды мекенжайында: expert_008@mail.ru қабылданады.

Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Меншік иесі: «АКТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

Газет 1974 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары Айгүл НҮРКЕЕВА

Бас редактор Сотжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, РКҚЗ7079900061916 куәлігі берілген.

Бас редактордың бірінші орынбасары Жаңагүл НИЯЗМАҒАНБЕТОВА

Бас редактордың орынбасары Данагүл ҚАЗИХАН

Жауапты хатшы Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі Арайлым НҮРБАЕВА

Тілшілер Мейрамгүл САТАЕВА, Ақмарал МҰҚАШЕВА

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер Қаншат ҚОПАЕВА, Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37

Тілшілер Индира ВТЕМИС, Айгүл ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Беттеуші Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА, Әсел НОГУМАНОВА

Теруші Гүлнара АЙНАЗАРОВА

Корректорлар Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА, Ақсат ЖИЕНАЛИНА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67

Жарнама бөлімі 90-71-55

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті қазқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспахандағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар - Сарысу» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылады

ЖАРНАМА БӨЛІМІ

90-71-55

aktobesmi@mail.ru

Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау бөлмесі: 90-71-61

Сайт: www.aktobegazeti.kz

E-mail: aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 12099 Талсырыс №210

Немірдің кезекші редакторы Мейрамгүл Сатаева